

**6D073100-«Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша(PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Табиғи сорбенттер негізінде Қызылорда облысының мұнай кен орны топырағына радионуклидтердің техногендік әсерін төмендету» тақырыбындағы Н.Б.Ермуханованың диссертациялық жұмысына ШҚІР**

Н.Б.Ермуханова диссертациялық жұмысын 2017-2020 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасында орындады.

Н.Б. Ермуханованың диссертациялық жұмысы Қызылорда облысының мұнай кен орындары топырағына радионуклидтердің техногендік әсерін төмендетуге арналған.

Ізденуші Құмкөл кен орны бұрғылау алаңымен қалдықтар сақталған өндірістік базасында болып, онда арнайы аспаптармен жергілікті радиациялық фонды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін қортындылап, шынайы тұжырымдады және топырақты мұнайдан және радионуклидтерден тазартудың технологиялық схемаларын әзірледі.

Н.Б.Ермухановадиссертациялық зерттеу жұмыстарында Құмкөл кен орны бойынша мұнай бұрғылау, мұнай өндіру аймақтарынан мұнай қалдықтарын жинау және уақытша сақтау алаңында экспозициялық дозаның жоғары екендігін алғаш рет көрсетті және топыраққа енген мұнайдың көлемді салмағы артқан сайын радиобелсенділігі өсетіндігіне талдау жүргізген.

Жергілікті күріш қалдықтарының термиялықөңделген сорбенттерін пайдаланып, топырақтағы мұнай өнімдері 7% - дан 3,4% - ға дейін, радиометриялық талдау нәтижелерінде гамма фон 3,0-10 мкЗв/сағаттан, 1 - 3 мкЗв/сағатқа, ал топырақты әлсіз қышқыл ертінділерімен тазалаудан кейінгі гамма фон 1-3 мкЗв/сағаттан 1 мкЗв/сағ төмендегенін анықтаған.

Соңғы жылдары жинақталған өндірістік қалдықтар, оның ішінде, мұнай өндіру және өңдеуден шыққан қалдықтар аймақтың радиациялық фонының жоғарылауына әсері болғандықтан, мұнаймен ластанған топырақты тазартудан шыққан қалдықтардың радиациялық қауіпсіздік шарттарын сақтай отырып, жол жамылғысына пайдалану ұсынылған және оның экономикалық тиімділігі анықталған. Орындалған есептеулер мұнай қалдығын асфальттыбетон қоспасын дайындау кезінде тауарлы битумның орнына қолдануға мүмкіндік береді, өнім құнын едәуір арзандатады және қоршаған ортаны ластаудың алдын алады.

Зерттеу нәтижелері докторанттың 25 баспа жұмыстарында жарық көрген. Атап айтқанда, Scopus дерекқорына кіретін Халықаралық ғылыми баспаларда 3 мақала, ҚР БҒМ БҒСБҚұсынылған журналдарда 4 мақала, ҚР ғылыми –техникалық «Нефть и газ» журналында 1 мақала, Халықаралық конференцияларда - 15, алыс шетел конференция материалдарында 1 мақала жарияланған және 1 оқулық авторлық бірлестікте шығаруға ұсынылған.

Н.Б.Ермуханованың диссертациялық жұмысында алынған нәтижелердің дербестігі мен нақтылығы жұмыста зерттеу жүргізудің заманауи әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері зертханалық нәтижелермен қамтамасыз етіліп, негізделген. Қорытынды шынайы түрде тұжырымдалған.

Диссертациялық мақсатты міндеттерді автор өз бетінше шешкен. Диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырады және академиялық адалдық принциптері сақталған.

Ізденушінің диссертациялық жұмысына қойылған мақсат, міндеттері, зерттеу көлемі, пайдаланылған әдістері мен ғылыми жаңалығымен тәжірибелік өзектілігі ерекше жоғары орын алады, сол себепті 6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы(PhD) ғылыми дәрежесін алуға диссертацияға қойылатын талаптарға сай келетін ғылыми еңбек деп есептеймін.

Н.Б.Ермуханованы 6D073100-«Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы(PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасының доценті, т.ғ.к.

*З.М. Керимбекова*  
14.05.2021

З.М.Керимбекова

т.ғ.к., доцент З.М.Керимбекованың қолын растаймын

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Ғалым хатшысы, ф-м.ғ.к., доцент



*С.Қ. Досыбеков*

С.Қ.Досыбеков